



**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МЕМЛЕКЕТТІК
ТІЛДІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ:
ИННОВАЦИЯ
ЖӘНЕ
МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ**

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ**



АЛМАТЫ, 2011



CNT22FA038 L 2098-00001

УДК 811.512.122
ББК 81.1Каз
К17

Жалпы редакциясын басқарған:
филология ғылымдарының докторы, профессор А.Б. Салқынбай

Жауапты редакторлар:
филология ғылымдарының кандидаты, доцент Г. Иманалиева
филология ғылымдарының кандидаты, доцент Х. Қарабаева
филология ғылымдарының кандидаты, доцент Б. Рысбай.

Қ 17 Мемлекеттік тілдің құзыреттілігі: инновация және модульдік оқыту.
Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы,
2011. – 211 бет.

ISBN 9965-894-59-0

«Мемлекеттік тілдің құзыреттілігі: инновация және модульдік оқыту»
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары негізінде
құрастырылған бұл жинаққа отандық және шетелдік ғалымдардың қазақ тілі
мен әдебиетінің теориясына, практикасына қатысты зерттеулері енген.
Сонымен қатар жинақта қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытудың жана
технологияларына арналған мақалалар берілген.

Жинақ тіл мамандарына, аспиранттар мен ізденушілерге және көпшілік
қауымға арналған.

УДК 811.512.122
ББК 81.1Каз

ISBN 9965-894-59-0

© ҚазҰУ, 2011

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗІ

Салқынбай Анар Бекмырзақұзы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, ф.ғ.д.
мемлекеттік тіл кафедрасының меңгерушісі

Ана тілінің ұлт тілі ретінде мемлекеттік мәртебе алуының тарихи маңызы ерекше екенін қашаннан белгілі. Мемлекеттік тілді оқытудың маңыздылығы елдің тәуелсіздігімен, ұлттық рух пен ұлттық сананың биіктігімен байланысты. Ұлттық рух пен ұлттық сана биіктігі – кез келген салада қазақ тілінің қолданысының басты кепілі дер едік. Осы тұрғыда қазақ тілін оқытуды өз тілін білмейтіндердің тілін сындырудан емес, Кеңес заманынан сақталып қалып отырған құлдық психологиядан арылтып, ұлттық сана мен ұлттық рухты сіңіруден бастау қажет. Бұл, ең алдымен, қазақ баласының өзіне қажет болып отырғаны жүректі шымырлатып жатқан шындық. Осыдан да Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деген сөзінің өзектілігі бар екені айдан анық.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқытудың инновациялық ғылыми-әдістемелік жүйесінің тиімді критерийлері анықталып, Елбасының биылғы жылғы жолдауына сәйкес, көптеген іргелі жұмыстар атқарылып жатқанының куәсіміз. «Личным кредо каждого казахстанца должно стать «образование в течение жизни», – деп Жолдауда айтылғандай, мемлекеттік тілді үйренуге, оның құдіретті құрылымын меңгеріп, әуезді сөйлеу мәнері мен лебздік ерекшелігін бойына сіңіруге өмір бойы іздену парыз.

«Назарбаев-университетінің» ізімен оқытудың жана инновациялық моделін қалыптастыру, сөйтіп ұлттық зерттеу университетінің санатына ену біздің бүгінгі басшылықтың алдымызға қойып отырған басты міндеті. Осы орайда мемлекеттік тілді оқытудың жана технологияларын меңгеріп, инновациялық деңгейдегі тиімді де орамды тәсілдерді игеру біздің кафедраның да басты әрі игілікті ісі.

Оқытудың инновациялық ғылыми-әдістемелік жүйесін анықтаудың өзіндік ерекшеліктері бар. Ол – дәстүрлі және инновациялық ғылыми-әдістемелік жүйені қолдану кезіндегі студенттердің стандартқа сыймайтын мәселелерді шешудегі креативті ойлау жүйесі мен жалпykәсіби әрі мамандыққа құзыреттілігінің қалыптасуы. Бұл тұрғыда атқарылатын істер мол.

Студент ой-санасының жетілуі мен дамуына әсер ететін маңызды фактордың бірі – көркем әдебиет арқылы ұлттық дүниетаным мен ұлттық болмыста қалыптасқан негізгі концептерді тереңдету әрі дамыта оқыту дер едік. Мәселен, Абай мен Шығарым ақын шығармалары арқылы имандылық нұрын сеуіп, даналардың данышпан ойларын қауымға жеткізудің мүмкіндіктері мол.

Сөз қолданысындағы контекстік мағынаның берілуі арқылы студент ұлттық дәстүр мен тілдік бірліктерде сақталатын ұлттық сананы, ұлттық рухты түсініп, анықтай алуы, ондағы ойдың тереңдігі мен ішкі мәнін бағалауы, бағамдауы, түйсінуі лазым. Сөзге көп мағына тұндырып, ойлар тоғысын қарапайым, бірақ терең мағынада жеткізу кемел жанның ғана қолынан келмек.

СЕПТІК ТҰЛҒАЛЫ ҮСТЕУЛЕР	47
Бөрібай Б. МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР МЕН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ	52
Досанов Б. ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ САЯСАТЫ 57	
Егізбаева Н. МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҮЙРЕТУДЕ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ	62
Елшібаева Қ. ДУЛАТ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КӨНЕРГЕН СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ	66
Есімова Жұлдыз АДАМНЫҢ ЖАСЫ МЕН ЖЫНЫСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ АЙТЫЛАТЫН ЕСТІРТУ МЕН КӨҢІЛ АЙТУ СӨЗДЕРІНІҢ ТІЛДІК ТАБИҒАТЫ	71
Жақупова Ә. ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ . 77	
Жұмағұлова А. ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫН ЖАСАУДЫҢ КЕЙБІР ШАРТТАРЫ	82
Иманалиева Ғ. ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ӨРІС –ТІЛ ШЕБЕРЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ БІР ТӘСІЛІ	85
Иманқұлова С. КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІК – ТІЛДІ МЕҢГЕРТУДЕГІ НЕГІЗГІ ІРГЕТАС	94
Қалырқұлов Қ. ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ ПӘН РЕТІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК БРЕКШЕЛГІ	98
Қалиев А. ТҮРІК ТІЛІ ФОНЕТИКАСЫН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ	82
Қарабаева Х. ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ВАРИАНТТАРЫ МЕН ДУБЛЕТТЕРІ	103

Қасым Б. ЕТІСТІКТІ ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ	108
Құралова А. МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ	113
Құрышжанова А. О МЕЖДУНАРОДНОМ ОПЫТЕ ПРИ ФОРМИРОВАНИИ ПОЛИЯЗЫКОВОЙ КОМПЕТЕНЦИИ	116
Мамасева М. ТІЛ ҮЙРЕНУШІНІҢ БІЛІК-ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ «ТЫҢДАЛЫМ» ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ РӨЛІ	121
Мекебаева Л. ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРҒА ӘСЕРІ	126
Назарова А. ТҮРІК ТІЛІН ҮЙРЕТУДІҢ БАСТАУЫШ ДЕНГЕЙІ А1, А2	130
Нұржігітова Ғ. МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ	133
Омарова Б. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРХАНАЛАР	135
Өмірбекова Р., Нұртазна А. МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ТІЛ ҮЙРЕНУШІЛЕРДІҢ БЕЛСЕНДІЛІКТЕРІН, ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ КАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫНДАҒЫ МАНЫЗЫ	145
Өтемісова Ғ. ТҮРІК ДӘРІСХАНАСЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТҮРДЕ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ	149
Рамазанова Ш. ТҰРМЫС-САЛТ ЖЫРЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК КЕСТЕСІ	153
Рысбай Б. СТУДЕНТТЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ	158
Садуова Ш. ТІЛ ҮЙРЕТУДІҢ ДЕНГЕЙЛІК ӘДІСІ	163

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ САЯСАТЫ

Досанов Б.И.
ал-Фариби атындағы ҚазҰУ,
мемлекеттік тілі кафедрасының аға оқытушысы

Қандай мемлекет болса да өзінің тіл саясатын ұлттық даму стратегиясына сәйкес жүзеге асыратыны белгілі. Ұлттық дамудың болашаққа арналған жоспары ғылым мен білімді, индустрияны инновациялық негізде ілгерілетуге, мәдени жаңғыруға бағытталатындықтан, бұл процестердің барлығы тілдік құралсыз, бірінші кезекте оның ғылыми терминологиясына, оны қоғамның қажеттіліктеріне бейімдеусіз яғни түрлі дәстүрлі, жаңа ғылым салаларының ұғымдар жүйесін игерусіз іске асырылуы мүмкін емес. Сондықтан терминология саласындағы үрдістерді басқару, оларды материалдық қажеттіліктер мен рухани сұраныстарды дер кезінде қанағаттандыруға бағытталған отыру мемлекеттік тіл саясатының негізгі нысаны болып табылады. Шын мәнінде "...белгілі бір ұлт тілінің мүддесін көздейтін, оның қоғамда атқаратын қызметтерінің берік орнығуын қалайтын кез келген мемлекет терминологиясын жасалуы мен қалыптасуына, дамуына айрықша мән береді. Олай істелмесе, сол мемлекеттің өзі мүддесін көздеп, ресми мәртебе беріп отырған тілдің мемлекеттік тілге жүктелетін қызметтерді атқаруға мүмкіндігі жетпес еді. Ғылыми-техникалық, қоғамдық-саяси, т.б. терминдері жасалып, адам өмірінің сан түрлі салаларындағы ұғымдарды дәл бейнелеп бере алатын жүйеленген терминқоры қалыптаспаған тіл сол түрлі сала мамандарының қажетін өтеп, кәсіби қарым-қатынасын қамтамасыз ете алмасы анық. Ондай атауларсыз ұлт тілінде білім беру мен ақпарат тарату ісі өз деңгейінде жүзеге асырылмайды" деген маман пікірі бүгінгі күні еш талас тудырмайды [1, 3].

Мұндай тұжырымнан туатын негізгі қорытындының бірі – кез келген мемлекеттің тіл саясатында терминологияға, оның қоғам өмірінің барлық саласында өз қызметін мұлтіксіз атқаруына ұйымдық-құрылымдық, заңдық-құқықтық тұрғыдан ерекше мән берілуі. Мұндай жұмыстарға ұлттық мемлекет болып қалыптасу, даму кезеңдерінде идеологиялық тұрғыдан да айрықша назар аударылады. Бұл кезеңде мәселе терминологияны ұлттық даму стратегиясына, жалпы ұлттық құндылықтарға сәй бейімдеу қажеттілігінен туындап, осыған байланысты барлық іс-шараларды жүзеге асыруды талап етеді. Қазақ терминологиясының қалыптасу кезеңдеріне жалпы шолу жасайтын болсақ, 30 жылдары алаш зиялыларының бұл мәселеге айрықша еректегі қолға алынған 20-көрес едік. Алайда 30-жылдардан кейін бұл үрдістің үзіліп қалғаны белгілі. Теуелсіздік алғалы жалғасын тауып отыр дегенмен де кеңестік 60 жылдай уақытқа созылған тілдік тоқырау ұлттық даму тарихымызда із-түзсіз кеткен жоқ. Мұны, әсіресе, осындай ұлттық бұрмалаусыз даму жолымен келе жатқан туысқан Түрік республикасының тәжірибесіне көз жіберсек анық аңғарамыз.

Байырларымыз, ағылшын – қазақ көстiлдiгiнiн жандануы, дамуы, осыған ерекше мән берiлгенiн, көркем әдеби шығармалардың, саяси ақпараттардың, мағыналық зор мәндiлiкке ие құжаттардың аралық тiл (язык посредник) болып қалыптасуына тiкелей қазақ тiлiне аударылуы таяу болашақта өрiетей түседi. Ал, шет тiлiн үйретуде және аударма жұмысында аса бiр қиындық туғызатын тiлдiк бiрiктер – фразеологизмдер мен мақал – мәтелдер. Оның себебiн тiлдiң фразеологиялық, паремеологиялық жүйесiндегi тұрақты тiркестердiң ұлттық сипаттылық, ұлттық нақышының ерекшелiгiмен түсiндiруге болады. Тiлдiк бiрiктердiң тұтастай мағынасын жете түсiнбей, тiркес құрамындағы сыңарлар мәнiн негiзге ала отырып аудару әртүрлi келенсiз жағдайларға, «сәтсiздiктерге» ұшыратуы әбден мүмкiн. Сондықтан мақал – мәтелдiң тiл аралық семантикасын салғастыра зерттей отырып, ондағы жалпы азаматтық, жалпы халықтық мәндiлiктер мен заңдылықтар және этностық ерекшелiктердi, сондай – ақ ұлт, тiл, мәдениет және өркениеттiң өзара сабақтастығын айқындау да аса өзектi мәселелер қатарына жатады.

Дегенмен, халықтық ұғым – түсiнiктер мен рухани, мәдени құндылықтардан мол мағлұмат беретiн қазақ және ағылшын тiлдерiндегi аталмыш бейнелi тiзбектер халықаралық, экономикалық, салааралық байланыстар кең өрiс алған осы кезеңге дейiн салғастырыла зерттелмей (бiрдi – екiлi мақалаларды есепке алмағанда) келедi.

«Ұлт пен тiл бiртұтас» деген қағидаға сәйкес, қазақ және ағылшын мақал – мәтелдерiн тек тiлдiк емес, этнолингвистикалық тұрғыдан қарастыру бiрлiк астарындағы ұлттық болмысты тану жағынан да өзектi мәселе қатарына жатады.

Сондай – ақ этнолингвистика мен лингвомәдениеттану салаларының жалпы тiл бiлiмiнде дербес пән болып қалыптасқан тұсында мақал – мәтелдердi тiлдiң «таза» iшкi жүйесi (имманенттi жүйе) тұрғысынан қарағаннан гөрi, оларды тiл мен мәдениеттi ашақ жатқан басқа халықтардың (ұлттардың) тiлдiк бiрiктерiмен салғастыра зерттеу арқылы олардың семантикалық құрылымындағы ерекшелiктерi мен ұлттық сипатты айқындау аса маңызды болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. - Алматы: Атамұра, 2003. - 208-б.
- 2 Жұбанов К. Қазақ тiлi жөнiндегi зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1999. - 361-б.
- 3 Балақаев М., Жанпейiсов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тiлi стилистикасы. - Алматы: Ғылым, 1996. - 190-б.
- 4 Байтұрсынұлы А. Тiл тағлымы. - Алматы: Ана тiлi, 1992. - 444-б.
- 5 Кеңесбаев С.К. К вопросу об экспрессивно-стилистических системах литературных языков народов СССР. - Ашхабад: Наука, 1968. - 303 с.

Терминологияны ұлттық бағытта қалыптастыруға байланысты бізде бірнеше ұлттық ұран тұрады. Біріншісі - қазақ тілінде тоқтаусыз жүріп келеді. Бұл ұлттық терминологияны дамыту үшін терминологиялық ұлттық негізде қалыптастыру, сөздіктер жасау, түркі тіліндегі терминологияны жетілдіру сияқты мәселелер құрағанын біз білеміз. Екіншісі - терминологиясыз дамығанын біз білеміз. Мәселен, осы терізде жұмыстардың өрлеуіне байланысты терминологияны дамытуға қажетті шаралар негізінен қарастырылған. Бұл жұмысты Түрік республикасында дәл біздікіндей терминологиялық комиссия емес, «Түрік тілі» қоғамы жүзеге асырды. Осы туралы зерттеуші А. Бисенғали былайша баяндайды:

«Шамамен 150 жылдан бері жалғасып келген терминдер мәселесі Республика дәуірінде түбегейлі қолға алынды. Үкімет қадағалауымен түрік жалғау-жұрнақтары арқылы терминдер пайда бола бастады. 1934-1950 жж. терминдер мәселесінің едәуір өркендеп, қолға алынған кезі. Ататүріктің қатаң бақылауымен басталған бұл жұмыстарға Ұлттық білім беру министрлігі де атсалысып, «Түрік тілі» қоғамымен тығыз қарым-қатынас құрды.

Бұдан кейін де терминдік жұмыстарын жалғастырған «Түрік тілі» қоғамы түрлі ғылым мен өнер салаларын қамтитын термин сөздіктерін шығарды.

...Түрік тілі қоғамы түрікше сөздік, емле сөздігі секілді негізгі шығармаларын шығарғаннан кейін терминдік жұмыстарын үдете бастады. Ататүрік атындағы «Мәдениет, тіл және тарих қоғамының» № 2876 заңының 37-ші бабының «д» тармағына сәйкес, «Түрік тілі» қоғамы: «Барлық ғылым өнер және техника терминдері мен ұғымдарына сай түрікше терминдер табуға бағытталған зерттеу жұмыстарымен айналысуға міндетті», - деген шешім қабылдады» [2, 96].

Түрік республикасында 30-50 жылдары терминология тұрақты даму жолына түсіп, өркендеуді бастан кешірсе, қазақ терминологиясы бір кезде қол жеткен жетістіктерінен де айрылып, тіл табиғатына кереғар жолды таңдады. Осыған орай, терминологияның дамуы үшін аз уақыт болмаса да, 30-жылдардан 90 жылдарға дейінгі кезеңде қазақшаланған терминдер саны болмашы ғана еді. Ол туралы нақты көріністі Ш. Құрманбайұлының мына деретінен аңғарамыз: «КСРО идеологиясы бойынша орыс тілінде сөйлейтін «совет халқы» деген халықты қалыптастыру мақсаты қойылса, соған сәйкес қазақ терминологиясы да 30-ыншы жылдарға дейінгі өзінің ұлт тілі негізінде даму бағытын өзгертіп, ортақ терминологиялық қор құру бағытын ұстанды. Бұл бағыт терминологияны қалыптастыруда 60 жылдай (90 жылдарға дейін) үстемдік құрды. Соның нәтижесінде ұлт тілдерінің термин жасау мүмкіндігі шектеліп, термин шығармашылығы тоқырауға ұшырады. 30-ыншы жылдарға дейін ұлы Аханның бір өзі жүздеген терминдерді, ал оны қолдаған қазақ зиялыларының әрқайсысы ондаған терминдерді қолданысымызға енгізіп кеткен болса, кейінгі алпыс жылда бүкіл зиялы қауым сол ат төбеліндей аз ғана қазақ зиялылары жасаған терминдердің оннан бірін де жасамаған екен» [3, 5].

Әрине, бұл кезеңде қолданыста болған терминологияның қағидаттарында қазақ тілінде термин жасалмасын деген тыйым салу болмаса да, терминдерді қазақ тілінің мүмкіндіктерін пайдаланып қалыптастыру қағидаты

интернационалдық терминдерді өзгеріссіз алу, оның ішінде «ұғымды дәл беретін» кейбір орыс терминдерін де сол күйі қабылдау қағидаттарына жол беріп отырды. Дәлірек айтқанда, мұндай «жол берулер» жарты ғасырдан астам уақыт бойы қазақ терминологиясы дамуының басым бағытына айналды деуге болады. Қазақ терминологиялық жүйесінің тұтас бір даму кезеңін құрайтын бұл мәселенің ішкі, сыртқы себептері болашақта өз алдына зерттеліп, ашып көрсетілуі керек. Қазірше бұл құбылыс жайында жекелеген ғылымдардың пікірлерімен шектелуге тура келеді. Мәселен, ол туралы профессор Б. Қалиұлы: «Қазір қазақ тілінің ұлттық терминдеріне деген саясат басқаша болуы керек. Егер терминдеріміздің 70-80%-ы тұрпаты жағынан да, айтылуы-жазылуы жағынан да бұрынғыдай бөтен, жат сөздер (орысша, ағылшынша) болып келсе, онда қазақ тілінің мемлекеттік тіл болуы екіталай».

Қазақ тілі мемлекеттік тіл болу үшін терминдеріміздің құрамы сандық қатынасы жағынан керісінше 70-80%-ы қазақтың төл сөздері болу керек 20-30% бөтен сөздер тіліміздің құрылысын, бірегейлігін бұза алмайды. Ал, бұрынғысына болған жағдайда тіліміздің тілдік құрамы мен құрылысына нұқсан келетіндігі сөзсіз. Тіліміз шұбарланып, қалыптасқан өзіндік ерекшелігінен, ежелден бері келе жатқан байырғы дәстүріне, дыбысталу сипатынан айырылып қалары хақ.

Әрине, ғылыми терминдерді жасау оңай шаруа емес. Ол үшін термин жасаушы біріншіден, белгілі бір ғылымды жақсы меңгерген ғалым болу керек. Екіншіден, ол ұлттық тілдің қыр-сырын, сыр-сипатын, қалпын жақсы білуі қажет. Үшіншіден, ол адам термин жасау жолында көп жыл еңбек етіп, тер төгуі, тәжірибе жинақтауы тиіс. Басқаша айтсақ, әлгі кісі терминнің не екенін жақсы біліп, терминнің ретінде мамандануы керек.

Ақиқатына жүтінсек, жаңа жасалған қазақша терминдер мен жаңа сөзжасам үлгілерін кәдеге жаратып, қалыптастыратын да, оларды былықтырып, бей-берекетке түсіретіндер де - ақпарат құралдары: газет-журналдар, радио және теледидар хабарлары, т.б. Әсіресе, біздегі оқулықтар мен ғылыми еңбектердегі терминдердің қолданысы тіптен сын көтермейді», - дейді [4, 10].

Әрине, бұл арада мәселені тек қазақ тілінің ерекшелігіне бейімделмеген қағидаттармен, кеңестік ортақ терминқор қалыптастыру саясатымен бейімделмеген түсіндіру жеткіліксіз болар еді. Бұл арада кеңестік идеологиямен тәрбиеленген, оның коммунистік ұстанымдары жолында ұлттық құндылықтарды тәркіленген, дайын ұрпақтан, мамандар мен лауазымды тұлғалардан тұратын субъективті факторды да айтып кетуге болмайды.

Субъективті (адами) фактор деп тілдік ахуалға әсер ететін ұлттық психологиялық себептерді айтуға болады. Субъективті фактордың терминологиялық үрдістерге тигізетін теріс ықпалын шектеу осы фактор тығыз байланыста болады деп отырған факторлар шеңберінде өзгерістерді қолға алу жолымен іске асады деп айтуға болады. Бұған орыс терминологиясының қалыптасуы, даму тарихы дәлел бола алады. Орыс ғылым тілінің дамуы XIX ғ. ортасындағы Ломоносов еңбектерімен байланыстырылатыны, оның өз

еңбектерін орыс тілінде жазып, орыс ғылымын шетел сөздерінен тазартқаны ғылымда тұрақтанған көзқарас. Бүгінде орыс тілі салалық терминологиясы дамыған, БҰҰ-ның 6 жұмыс тілінің бірі болып отыр. Орыс тілінің дамуында орын алған тілдік шараларды немесе тілге қатысты сыртқы факторлар әсерін сараптасақ, мұндай жетістіктің мемлекеттің тілге қамқорлық жасауы, құрылымдық жағынан қамтамасыз етуі тәрізді сыртқы және тілді қорпұстық дамыту тәрізді тілдік ықпал ету шараларының нәтижесі екенін анықтаймыз.

Мемлекеттік тіл саясатының терминологияға тигізетін ықпалын субьективті аспектіден басқа жұмысты ұйымдастыру қырынан атап өтуге болады.

Жұмысты ұйымдастыру мәселелері туралы айтқанда тілдік құрылымдардың қызметімен байланысты немесе өз алдына реттеуді керек ететін іс-шараларды түсінеміз. Терминологиялық құрылым шеңберінде атқарылып жатқан, белгілі бір дәрежеде терминологиялық үрдіске әсер ететін негізгі мәселенің бірі – Мемтерминком бекіткен терминдерді көпшілікке жеткізу.

Мемлекеттік терминология комиссиясы бекітетін немесе бекітуге ұсынылатын, талқыланатын терминдерді таныстыратын ақпарат құралы – “Терминологиялық хабаршы” журналы. Бұл журналға қатысты қиындық тушырып отырған мәселе оның таралымының шектелуі болып отыр. Мәселен, осы тақырыпты қозғайтын бір ғана конференция материалдарының жинағында жарияланған макалалардың бәрі дерлік журналдың Қазақстанның кез келген облысына жетіспейтіндігінен хабар береді. Мәселен: “Терминологиялық хабаршы” бюллетені бүгінгі таңда кеңсе жұмысы үшін қажетті дүниенің бірі болып отыр. Бюллетень біздің Оңтүстік Қазақстан облысына тек 10 дана көлемінде жіберіледі. Алайда оны мемлекеттік мекемелер тарапынан сұраушылар көп. Ал біздің тек облыстық және Шымкент қалалық кітапханаларына ғана таратуға мүмкіндігіміз бар» [5, 120].

Әрине, көпшілік аймақта осы сипаттағы ахуалдың қалыптасқаны және журналдың таратылу ісін жолға қою қажеттілігі дау тудырмайды. Дегенмен аталған мәселені осы түрде қорытуға тағы да болмайды. Журналдың санын көбейту мәселесі өз кезегінде басқа да мәселелермен байланысты. Атап айтқанда, журналдың тиражын көбейтудің алдында осы мақсат көздейтін міндеттерді тиімді шешуге орай басқа да мәселелер туындайды. Бұл бірінші кезекте мамандар біліктілігіне қатысты.

Журнал санын көбейту тәрізді техникалық мәселенің біліктілік, сапа мәселесімен тоқайласатын жері жалпы терминологияда орын алып отырған қиыншылықтар мен кемшіліктерге байланысты. Нақтырақ айтқанда, бүгінге дейін Мемтерминком бекіткен терминдердің әртүрлі себептермен қайта бекітілу үрдісінің пайда болуы журнал тиражын көбейтпей тұрып, терминдерді аудару өлшемдерін қалыптастыруды және онымен айналысатын құрылымның білікті мамандармен қамтамасыз етілу мәселесін шешуді талап етеді. Бұл арада тек терминологиялық журнал ғана емес, терминдер жарыққа шығатын басқа да көздер жайлы айтуға тура келеді. Бірінші кезекте бұл – салалық терминологиялық сөздіктер. Сөздіктерді жарыққа шығару, дәлірек айтқанда, оларды ғылыми сөздіктерге қойылатын талаптарға сәйкес ету мәселелері де

қазіргі кезде көп қиындықтар тудыруда. Шығарылып жатқан сөздіктерге көп сын айтылуы соны айғақтайды.

Өз таралымыздан қалыптасқан қиындықтардың басты себебі ретінде ғылымның, оның ішінде қазақ тіліндегі зерттеу жұмыстарының мардымсыздығынан қазақша ғылым тілінің де, ғылыми-көпшілік әдобиеттердің де дамымай отырғандығын атап өтеміз. Тісінше, терминдерді көпшілікке жеткізуге қатысты көп айтылып бір ғана ұсынысты талдаудан мәселені шешуге кешенді түрде келу керектігін көреміз.

Терминологиялық үрдістердегі қиыншылықтар, оларды реттеу тетіктері туралы мәселелерді қозғаушы көздер – терминологиялық басшылар мен бұқаралық ақпарат құралдары болып отыр. Соңғылары осы салаға қатысты бұқаралық пікірді де қалыптастырып отыр. Терминологиядағы ретсіздікті жолға салу жайында көп айтылатын ұсыныс – айыппұл шаралары. Дегенмен айыппұл шараларының мәселені тұтастай шешпейтіні белгілі. Олар терминдерді заңнамалық негізде реттеудің бір тетігі ғана, сондықтан оны қолдану мәселені осы негізде реттеудің басқа да жолдарын іздестіруді талап етеді. Бұл тұрғыда қолға алынуға тиіс негізгі шараның бірі – терминологиялық жұмыстарды іске асыруға жауапты құрылым қызметін реттеу болар еді. Терминологияға жауапты құрылым Мемтерминком десек, бүгінгі күні оның жұмыс істеу ережесі, сондай-ақ комиссия мүшелерінің жұмыс регламенті өзгерістер мен толықтыруларға мұқтаж. Бұған қоса комиссияның мәртебесін де қайта қарайтын уақыт жеткені анық.

Терминологиялық үрдістерді мемлекеттік тұрғыда реттеудің тағы бір тетігі ретінде бұқаралық ақпарат құралдарының рөлін арттыру көрсетіледі. Баспасөздің қоғам өміріндегі рөлінің маңыздылығын халықтың онда жарияланған ақпаратты, оның ішінде терминдерді сол күйінде қабылдап, қолданысқа енгізіп жіберуінен көруге болады. Сондықтан Мемтерминкомда бекітілген жаңа терминдердің немесе сөз тіркестерінің баспасөз бетінде соңынан қайта өзгертіліп жүрмейтіндей және ұлттық негізі қалыптасқан нұсқада берілуі өте маңызды. Бұл Мемтерминком мен бұқаралық ақпарат құралдарының арасындағы байланысты күшейтуді ғана емес, біліктілікпен байланысты мәселелерді де кешенді түрде шешуді талап етеді.

Қорыта айтсақ, мәселенің кешенді түрде шешілуі Мемтерминком өкілеттігін арттыруды, бекітілген терминдерді «Терминологиялық хабаршы» тәрізді тиісті мемлекеттік орган бюллетеньдері, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тарату ісін жолға қоюды, әкімшілік шаралар қолдануды, сондай-ақ мамандардың біліктілігін арттыруды, сондай-ақ ғылымды дамытуды, оның ішінде жаңа ақпараттық технологияларды, бірінші кезекте ақпараттық-іздістіру жүйелерін, автоматты құжат айналымы, машиналық аударма бағдарламаларын дамытуды қамтиды екен.

Терминология ұлттық негізде қалыптасуы үшін мемлекеттік тіл саясатының ұлттық құндылықтарға бағыт ұстанғанынан басқа да тұтас шаралар кешені іске қосылуға тиіс. Бұл – тікелей терминологияға қатысты тілдік және тілден тыс факторларға қоса, зайырлы мемлекеттің орнықты дамуы үшін қажетті заңнамалық негіздердің сақталуы, заң талаптарының орындалуы. Осы

себептен белгілі тіл жанашыры, м.ғ.д. М.А. Ахметовтың бүгінгі қоғамда қалыптасқан ахуал жайлы: “Біріншіден, жетпіс жылдан астам уақыт ішінде бодандықтан будандыққа шалдыққан ұлттық психологиямызда “сақаулық” бар.

Екіншіден, орыстiлдiленiп “жетiсiмiзден” туындаған шын мәнiсiндегi “тiл сақаулығы” бар. Үшiншiден, еркiндiгiмiздi ендi тiл саласында да көрсетуiмiз керек деп, егемендiктiң эйфориясына елiктеген мамандарымыз ойдан сөз шығарып қолдан жасаған “сақаулық” бар» [6, 61] дегенi яғни тiлдiк артта қалушылықтың себебiн тiл саласында атқарылмаған мiндеттерден бөлeк ұлттық фактормен бiрге қарастыруы кешендi зардаптардың кешендi шаралардың iске асырылмауынан туындайтынын көрсетедi.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ш. Құрманбайұлы. Мемлекеттік саясат және терминология мәселесі//Егемен Қазақстан, 2003 ж. 30 қыркүйек.
2. А.Бисенғали. Түрік тіліндегі терминдер мәселесі (94-97)// ҚазХУ хабаршысы. Филология сериясы. 2002, №6 (57).
3. Ш. Құрманбайұлы. Терминком және қазақ терминологиясының болашағы//Егемен Қазақстан, 2002 ж. 8 ақпан.
4. Б.Қалиев. Ерінбеген етікші болар, бірақ терминші болмас// Ана тілі. 2002. №36.
5. Мамырбек Құдияр. Іс қағаздарын жүргізуде кездесетін кейбір терминдер мен аудармалар туралы (119-122)// Салалық терминология: бүгінгі мен болашағы. Астана, 2003.
6. Ахметов М.А., Медицина терминологиясының бүгінгі жай-күйі (61-64)//Салалық терминология: Бүгінгі мен болашағы. -Астана. “Астана полиграфия” ЖАҚ, 2003.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҮЙРЕТУДЕ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

*Елбәсәе Назыкөн Жөнөнқызы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
мемлекеттік тіл кафедрасының доценті, ф.ғ.к.*

Білім берудегі жаңа бағыт Болон үдерісінің негізгі қағидаларының бірі - білім алуға ұстаздан үйренушінің белсенділігі жоғары болуы, яғни білімді игеру барысында білім алушы басты тұлға болуы қажет. Үйренуші білімді ұстаздан алған дайын ақпарат ретінде емес, өз белсенділігі арқасында қол жеткізген, өз ойының қорытылған жемісі, жинақтаған тәжірибесі ретінде игеруі тиіс. Осыдан барып Болон үдерісінің басты тұжырымдамасы - білім алудың нәтижеге бағытталуы, бәсекеге қабілетті, білікті маман даярлау мақсаты жүзеге асады. Мұнда үйренушінің білім алуына мотивация жасалып, жауапкершілігі артып, оқығудан - оқуға, үйретуден - үйренуге ауысады. Бұл қағиданың әсіресе

тіл үйретудегі маңызы жоғары. Тілді меңгеруде үйренушінің басты тұлғаға ауысуы үшін интербелсенді әдістерді қолданудың тиімділігі өте жоғары.

Оқытуда интербелсенді әдістерді қолданудың басты мақсаты - үйренушіні оқу материалмен өз бетінше жұмыс істеуге, содан соң біртіндеп ғылыми ақпаратты өз бетінше меңгере алуға үйрету, өздігінен біліктілігін арттыра алатындай дәрежеге жеткізу. Ал мемлекеттік тілдегі ақпараттарды өз бетінше қабылдап, тілдік ортада өзін еркін сезініп, сол тілде қоғамдық қарым-қатынасқа түсе алатындай болуы үшін тіл үйретуде интербелсенді әдістерді қолданудың маңызы зор. Интербелсенді әдістер үйренушінің белсенділігіне, топтық тәжірибеге негізделеді. Топтың ішінде үйренушілердің тығыз байланысы орнап, тілдік орта қалыптасады. Онда тіл үйренушілердің білімдерін жетілдіруге, пікір алмасуларына, өзара білімдерін бағалауға мүмкіндік туады. Интербелсенді әдістер көбіне өткен материалдарды бекіту мақсатында, үйренушінің білімін жетілдіре түсуде қолданылатыны белгілі. Бұл үйренушінің тілде сөйлей алу дағдысын қалыптастыруда зор рөл атқарады. Мұнда жаттығулар мен тапсырмаларды үйренушілер өз бетінше немесе шағын топтарда бірлесіп отырып орындайды. Қазіргі педагогикада жиі қолданылып жүрген интербелсенді әдістерге шығармашылық тапсырмалар, шағын топтарда жұмыс істеу, оқу ойындары (рөлдік ойындар, іскерлік ойындар т.б.), қоғамдық ресурстарды пайдалану (мамандармен кездесу, экскурсиялар, баспасөз құралдарын қолдану, көрмелер, фильмдер т.б), пікірталас, мәселелерді топта талқылау сияқты көптеген нұсқалар жатады. Мұндай жағдайда сабақты тікелей өмірмен байланыстырудың да маңызы зор, мысалы журналист рөлінде тілдік тұлғалардан интервью алу, белгілі бір объектіге (фирма, компания, мектеп болуы мүмкін) зерттеу жүргізу, сол туралы баяндау сияқты. Тіл үйретуде интербелсенді әдістерді орынды қолдану үйренушінің коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастырып қана қоймай, кәсіби, іскерлік қарым - қатынас жасай білетін тілдік тұлғаны тәрбиелеуге де ықпал етеді.

Жоғарыда ағап көрсеткеніміздей, үйренушілер тобын шағын топтарға бөліп, бір тапсырманы сол топ мүшелерімен бірлесіп отырып орындай білуге үйрену тілдік орта қалыптастыруға, мемлекеттік тілде қарым-қатынас жасауға мүмкіндік туғызады. Шағын топтармен жұмыс - қазіргі кезде өте жиі қолданылатын тәсілдердің бірі. Мұнда «бір тапсырманы бірге жасаймыз» емес, «бірге үйренеміз» қағидасы басты ұстаным болғаны жөн.

Шағын топтарда жұмыс істеу барысында төмендегідей интербелсенді әдістерді қолданудың тиімділігіне көз жеткіздік.

Ойлан. Жұптас. Пікірлес - тіл үйренушілерге белгілі бір тапсырма берілгеннен кейін әрқайсысы өз бетінше дәптерге жауабын жазаяды (2-3 минут), содан соң қасындағы жұбымен 3-4 минут талқылайды, әр жұп өз жауаптарын ортаға салады. Бұл тәсіл тіл үйренушінің мемлекеттік тілде сауатты жаза білуіне көмектеседі, үйренуші өз жазғаны шағын топ ішінде талқыланып біледі де, дұрыс жазу керектігін түсініп ынталанады, жауапкершілігі артады.

Сұрақ қою, қайтадан сұрақ қою - мәтіннің әр бөлігінен кейін үйренушілерге шағын топ ішінде бір-біріне белгілі бір жүйемен сұрақ қою тәсілі. Мәтіннің бірінші бөлігі бойынша шағын топтағы А үйренуші В-ға